Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"KMG PetroChem" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілгендерден аз болған және орындаушы алған үнемдеу көрсетілген қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші нақты көрсетілген қызметтер үшін ғана ақы төлеуге құқылы, ал Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шарттың жалпы сомасының қалған бөлігіне ақы төлеуді талап етуге құқылы емес.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Шот-фактураны;

2.4.3. Өзара есеп айырысудың салыстырып тексеру актісін (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді).

2.5. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.6. Шот/Шот-фактура көрсетілген қызметтер актісі негізінде жазып беріледі және өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей қойылуы (күні көрсетілуі) тиіс.

2.7. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толық немесе ішінара дау айтқан жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуі тиіс, ал Орындаушы дауды шешу бойынша Тапсырыс берушінің пайдасына соманың дауланбайтын бөлігіне қайтадан шот қоюы тиіс. Тапсырыс беруші мен Орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

2.8. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушының шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарабынан кез келген төлем шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігіне одан әрі дау айту құқығын сақтай отырып жүргізіледі.

2.9. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу жүзеге асырылғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіден оны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға және Тапсырыс берушіге беруге міндеттенеді.

2.10. Орындаушымен есеп айырысу кезінде, Орындаушы Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге жататын соманы бір жақты тәртіппен (өзара есепке алуды жүргізу тәртібімен): - Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге салынатын айыппұл санкцияларын және/немесе келтірілген залалдарды; - төленген аванстарды; - Орындаушы Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешек сомасына азайтуға құқылы екендігімен келісті.

2.11. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде анықталғандай, көрсетілген Қызметтер үшін Орындаушыға тиесілі сыйақы бойынша берешекті өтейді.

2.12. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасында Орындаушының атына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал корреспондент-банктердің банктік комиссияларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ақша аудару бойынша барлық өзге шығыстарды Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің атына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

2.13. Тапсырыс беруші құжаттар топтамасын, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін тиісінше ресімдемеуге және/немесе төлеуге уақтылы ұсынбауға байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды. Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін.

2.14. Шарт бойынша төлем Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы ____(теңгемен/валютамен) жүргізіледі.

2.15. Тапсырыс берушінің және Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар күні бұрын осындай өзгеріс күнінен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бір-біріне бұл жөнінде хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлау мерзімін бұзу немесе Орындаушы төлеу үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеу нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аталған ақшалар Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші бұл ретте дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде келтірілген қосымша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап, Орындаушыға алынған ақшаны аударуға міндетті.

2.16. Салықтар, баждар және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.17. Осы Шарттың Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

2.18. Осымен Орындаушы кредиттік тәуекелдерді басқару бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік стандартымен танысқанын және шарттарды қабылдағанын растайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Қызметтерді көрсету мерзімі, Қызметтерді көрсету талаптары, көлемі және орны осы Шартқа №1 және №2 қосымшалармен белгіленеді.

3.2. Қызметтер Шартқа № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қызметтердің актісімен көлемі мен сапасы бойынша Тапсырыс берушімен қабылданады. Қызметтерді көрсету күні деп Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні есептеледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықтың есебін. Егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылған жағдайда (он екі айдан астам мерзімге жасалатын не қызметтерді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға ауысады) Орындаушы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 20-күніне өткен күнтізбелік жыл үшін көрсетілген қызметтер көлеміне аралық нақты есепті/елішілік құндылық үлесін есептеуді ұсынуға міндетті;

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.10. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген тиісті жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық жасақтамамен қызметтер көрсетуге.

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түріндегі шарттың жалпы құнынан % 5.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарт бойынша не тиісті жыл бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады (егер ұзақ мерзімді шартта тиісті жылға шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда). Орындаушы Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Орындаушының шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғанын көрсете отырып, Орындаушыға осындай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген кезден бастап 10 күн мерзім өткен соң жүргізетініне келіседі. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ұстап қалудан кейін қалған сомасы Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған, сондай-ақ ол Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмей, Шарт талаптарының бұзушылықтарын (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) жол берілген және жоюға болатын бұзушылықтарды жойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Бұл ретте, Орындаушы айыппұл санкцияларының толық сомасын Тапсырыс беруші сотқа талап арыз бергенге дейін не Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес Орындаушыға төленуге жататын сомадан берешекті біржақты ұстап қалғанға дейін ерікті түрде төлеген жағдайда, Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуін ұстап қалмайды және орындаушы Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Орындаушының үшінші тұлғаларда шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді;

4.1.13. Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес тиісті және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.14. Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі мен құзыреттілігі осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттерін тиісінше орындауға, сондай-ақ материалдар мен жабдықтарды пайдалануға мүмкіндік беретін мамандарды тартуға: - Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келетін тиісті сапа, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру кезінде материалдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге; - Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін қандай да бір міндеттемелер мен ауыртпалықтардан бос (қызметтер нәтижесінің құрамында Тапсырыс берушіге берілетін материалдар мен жабдықтар үшін қолданылатын);

4.1.15. Тартылған шетелдік персоналға қатынасы бойынша қазақстандық персонал үшін тең шарттар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге:

4.1.15.1. Орындаушының қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын оның бірлесіп орындаушылары арасында кемсітушілікке, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында жол бермеуге;

4.1.15.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша олардың азаматтығын көрсете отырып, шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған Орындаушы қызметкерлерінің және оның бірлесіп орындаушыларының саны мен лауазымдары туралы ақпарат беруге;

4.1.16. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

4.1.17. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес көрсетілген қызметтер актісі бойынша Шартта көзделген көрсетілген қызметтерді тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

4.1.18. Орындаушы Шарт шеңберінде қызметтер көрсету үшін бірлесіп орындаушыларды тартқан жағдайда осындай бірлесіп орындаушыларды ескере отырып көрсетілген қызметтердегі елішілік құндылық үлесінің есебін ұсынуды қамтамасыз етуге;

4.1.19. Қызметтердегі елішілік құндылығының үлесі бойынша берілетін ақпараттың анықтығына кепілдік беруге;

4.1.20. Тапсырыс берушінің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарттың талаптарына сәйкес орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде Қызметтерді орындаудың, техникалық ерекшелікке (№ 2 қосымша) сәйкес Шартта көзделген барлық қызметтерді уақтылы және сапасыз орындағаны үшін жауапты болуға;

4.1.21. Егер орындаушыларды (бірлесіп орындаушыларды) тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға өтінімде және/немесе Шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелікте; жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, тендерлік өтінім құрамында мәлімделген бағдарламалық қамтамасыз етумен; өз материалдарымен және құралдарымен (құралдармен және тетіктермен, көлікпен, арнайы техникамен, аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) көзделсе, бірлесіп орындаушылардың (бірлесіп орындаушылардың) күштерімен және қаражатымен орындауға. Қызметтерді Орындаушы қолданыстағы нормалар мен ережелердің, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, кейіннен Қызметтер аяқталғаннан кейін жұмыс алаңынан өзінің қосалқы жабдықтарын шығара отырып орындауы тиіс;

4.1.22. Егер Шартта өзгеше белгіленбесе, өз есебінен Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) қызметкерлерін тасымалдауды, олардың тұруын және шартты орындау кезінде тамақтануын, сондай-ақ техниканы, жабдықтар мен материалдарды кез келген жерден қызмет көрсету орнына дейін және кері жұмылдыруды және демобилизациялауды қамтамасыз етуге. Өз жабдықтарын, техникаларын жақсы жарамды күйде ұстауға және қызмет көрсету орнында кез келген уақытта Орындаушының қосалқы бөлшектерінің, жабдықтары мен материалдарының жеткілікті қорының болуын қамтамасыз етуге;

4.1.23. Тендерлік өтінімге сәйкес бірлесіп орындауға берудің рұқсат етілген көлемін қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық да, ішінара да бермеуге;

4.1.24. Шарт бойынша қызметтер көрсетуге бірлесіп орындаушылар тартылған жағдайда Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін оларды тарту сәтінде ұсынуға. Бірлесіп орындаушылардың болуы Орындаушыны шарт бойынша материалдық немесе басқа Жауапкершіліктен, оның ішінде Тапсырыс берушінің өндірістік, еңбек тәртібін және ішкі ережелерін (ішкі еңбек тәртібі, өткізу режимі және жатақханаларда тұру ережелері және т.б.) бұзғаны үшін босатпайды. Тапсырыс беруші бірлесіп орындаушының Орындаушымен шартты бұзуына байланысты бірлесіп орындаушыға талаптар қоюға құқылы;

4.1.25. Егер Тапсырыс беруші орындаушыдан объективті себептерді көрсете отырып, Орындаушының немесе бірлесіп Орындаушының қызметкері болып табылатын адамды қызметтерді орындаудан шеттетуді сұраса, Орындаушы бұл адамды Қызмет көрсетуден шеттетуге және ***Тапсырыс берушінің аумағынан 72 сағат ішінде алып тастауға міндетті, содан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша қызмет көрсетумен ешқандай байланысы болмауы тиіс;

4.1.26. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықты, көлікті және арнайы техниканы пайдалану және пайдалану алдында Тапсырыс берушімен келісуге;

4.1.27. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/жинақтауыштардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасына толық жауапты болуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

келмеген жағдайда оларды ауыстыруға және/немесе Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар еткеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өз есебінен ақауды жоюға;

4.1.28. Көрсетілетін қызметтердің сапасына бақылау жүргізуге, көрсетілетін Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

4.1.29. Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында орналасқан Шартты (оның ішінде қызмет көрсету орнындағы ұзақ мерзімді) орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, құралдардың, көлік пен арнайы техниканың және т. б. сақталуын, сондай-ақ Тапсырыс беруші оны қабылдаған сәтке дейін қызмет көрсету нәтижесінің сақталуын өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.30. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.31. Тапсырыс берушіге тарихи, археологиялық, геологиялық немесе басқа да мүдделерді білдіретін, оның ішінде құндылығы бар Тапсырыс берушінің аумағында табылған, кез келген олжалар туралы хабарлауға және оларды Тапсырыс берушіге акт бойынша беруге. Кез келген табылымдар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады;

4.1.32. Тапсырыс берушіге орындалған Қызметтер туралы нақты және толық ақпарат беруге, сондай-ақ Қызметтердің жинақтау ведомосын, барлық атқарушылық және есеп беру құжаттамасын жүргізуге;

4.1.33. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуге;

4.1.34. Көрсетілген қызметтердің шот-фактуралары мен актілерін уақтылы ұсынуға;

4.1.35. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелік талаптарынан төмен емес көрсетілетін қызметтердің тиімділік деңгейіне кепілдік беруге;

4.1.36. Көрсетілетін Қызметтер бойынша тәуекелдерді сақтандыруды өз есебінен жүзеге асыруға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан, сондай-ақ қоршаған ортаны ластауға байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың салдарын жою жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға;

4.1.37. Тапсырыс берушінің аумағында Шарттың талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитарлық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың талаптарын, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы, оның ішінде Шартқа №5 қосымшада көзделген талаптарды сақтауға, қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес Қызметтер көрсетуге, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларының орындалуын өз есебінен қамтамасыз ету, сондай-ақ Қызмет көрсету кезінде жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталмағаны үшін толық жауапты болуға. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Орындаушыға Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе оның қызметтерінің көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын Қызметтерге ғана азайтылуы мүмкін, бұл ретте Орындаушы Қызметтердің тиісінше және/уақтылы орындалмауына жауапты болады;

4.1.38. Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін, сондай-ақ Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген жазаны (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеу, экология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында әкімшілік жауапкершілікке тартуға, сондай-ақ экологиялық зардаптарды толық жоюды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи ресурстарды қалпына келтіруді жүргізуге әкеп соққан орындаушы және/немесе бірлесіп орындаушылар жіберген заңнаманы бұзғаны үшін толық жауапкершілік алуға;

4.1.39. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Орындаушы/бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;

4.1.40. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін, сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына байланысты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, рұқсат беру құжаттамасын алуға (қажет болған жағдайда оны алуға) байланысты барлық шығыстарды дербес көтеруге: - көрсетілетін Қызметтерге арналған лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар; - Орындаушының Шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны беруі немесе орындауы нәтижесінде немесе салдарынан орын алуы мүмкін құралдарға, жабдыққа, технологияға не оларды пайдалануға немесе дайындауға қандай да бір құқықтар мен басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиаттардың талаптарына байланысты. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Шарт бойынша қызмет көрсету үшін талап етілетін, оның ішінде аурулардың таралуының эпидемиологиялық ауқымымен күресуге бағытталған іс-шараларға байланысты өзге де рұқсат беру құжаттары.

4.1.41. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шартты орындауға байланысты кез келген (анық) ақпарат пен құжаттарды беруге, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: Қызметтерді көрсетуге қатысты іс-

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қимылдардың мәртебесі бойынша ақпарат және растайтын құжаттар (мысалы, Орындаушының Қызметтерді көрсету үшін материалдар алғанын растайтын актілердің көшірмелері және т. б.); Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы бойынша; Қызметтер үшін тартылатын көлікке, арнайы техникаға, жабдыққа және олардың құқық белгілейтін және рұқсат беретін құжаттарына, қолданылатын Құрылыс және өзге де материалдарға, сондай-ақ Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігіне;

4.1.42. Тапсырыс берушіні дереу ескертуге және оның нұсқауларын алғанға дейін мыналар анықталған жағдайда қызмет көрсетуді тоқтата тұруға: а) Қызметтерді көрсету тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдары; б) теріс нәтиже немесе одан әрі қызмет көрсетудің орынсыздығы; в) Орындаушыға байланысты емес, көрсетілетін қызметтер нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды мерзімінде орындау мүмкін болмайтын өзге де мән-жайлар. Қызметтер орындауды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтерді тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.43. Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Шарт жасалған сәттен бастап қызметке тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдармен) жарақтандыруға. Орындаушының көлігіне орнатылатын GPS терминалдар Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторингі жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуге тиіс (техникалық шарттар Орындаушының сұрауы бойынша Тапсырыс берушімен ұсынылады). Шарттың осы тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлік Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруден бас тартуы мүмкін, бұл ретте Орындаушы Шарт бойынша қызметтерді тиісінше және уақтылы көрсетпегені үшін жауапты болады;

4.1.44. үшінші тұлғаларда Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген қызмет нәтижелеріне айрықша және өзге құқықтардың және тиісінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтердің нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтар беруге міндеттенеді;

4.1.45. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты емес аумағы бойынша Орындаушының (бірлесіп орындаушылардың) қызметкерлерінің орын ауыстыруына (жүріп-тұруына) жол бермеуге;

4.1.46. Өз есебінен Орындаушының/бірлесіп Орындаушының қызметкерлеріне ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеруді жүргізуді қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындауға. Қауіпсіздік талаптарына мыналар жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің болуы немесе қауіпсіздікке жауапты;

4.1.47. Егер Шартта Қазақстан Республикасындағы жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және қолданыстағы нормаларға сәйкес Қызметтер көрсету көзделген жағдайда, онда Орындаушы Қызметтерді осы құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес орындауға міндеттенеді;

4.1.48. Шарт бойынша, не Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Жұмыстарды орындауды аяқтағаннан кейін Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден, не оларға уәкілетті тұлғалардан алғанның бәрін (қағаз және электрондық жеткізгіштерде ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға;

4.1.49. Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарын тиісінше орындамаудан, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттермен туындаған оған келтірілген барлық залалдарды өтеуге. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Орындаушы орындалған қызметтерге наразылық білдірген жағдайда, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынады немесе залалдардың қандай да бір сомалары өндіріп алынады, Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) мен залалдардың сомасын дереу өтеуге тиіс.

4.1.50. Орындаушы салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Шартта көзделген қызметтерді көрсетуге, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуді, сондай-ақ салық органына салық есептілігін жасаудың дұрыстығын және уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы осы тармақты және Шарттың өзге де талаптарын тиісінше орындамаған жағдайда, дұрыс емес ақпарат беруді қоса алғанда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.51. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімдері, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуды көрсетпеу (төлемеу), не растамау фактілері белгіленген жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС артық сомасын қайтарудан бас тартатын болады, не салықты жете есептеуге міндеттейді, онда Орындаушы Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтаруға бас тартылған артық ҚҚС бүкіл сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де жүктелген салықтарды Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап Орындаушының өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, бірақ Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдармен қойылған салықтар мен қаржылық санкцияларды жете есептеуге және қосылған құн салығын қайтармауға Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамау жағдайларына қандай да болмасын негіздер бойынша алып келген Орындаушының өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарына да қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.52. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде босату шарттарының Орындаушыға қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдануды белгілеген жағдайда, онда Орындаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың басталу фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

4.1.53. Тиісті сұрауды алған сәттен бастап 2 күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіні Қызметтерді көрсету барысы туралы хабардар етуге, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға;

4.1.54. Күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Орындаушы қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауы кезіндегі және олармен байланысты емес, оның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезіндегі оның қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері салдарынан келтірілген залалды белгіленген тәртіппен дәлелденген және күшіне енген сот актісімен расталған жағдайда өтеуге міндетті. Залалды өтеу Орындаушының қаражаты есебінен, оның ішінде барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша Тапсырыс берушінің Орындаушыға төлеуіне тиесілі сомалар есебінен жүргізілуге тиіс. Осы тармақтың күші Орындаушы Қызметтерге тартқан және орындаушы осы Шарт бойынша жауапты болатын барлық бірлесіп орындаушыларға да қолданылады;

4.1.55. Жұмыстарды орындау кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де Құрылыс және жұмыс алаңын тазалауды, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқыстарын жинауды, әкетуді, кәдеге жаратуды өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.56. Кейіннен оларды Тапсырыс берушіге тапсыра отырып, мемлекеттік қадағалау органдарымен қызмет көрсету тәртібін, Тапсырыс берушінің персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Шартта көзделген жағдайда) келісуге;

4.1.57. Тапсырыс берушінің келісімшарттық/келісімшарттан тыс аумағында көлік құралдарының, арнайы техниканың және персоналдың кіруі/шығуы кезінде, сондай-ақ жүріп-тұруы/болуы кезінде Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар / күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жүріп-тұруға рұқсатнама(лар), сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілінің (корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасын, оның ішінде тиісті құжаттарды толық қарап-тексеруді жүргізу құқығын ұсынуға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарт аумағына немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда, ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін аумақтан тыс шығаруға немесе шақыруға;

4.1.58. Көрсетілген Қызметтер актісімен бірге Шартта көзделген өзге де актілерді, оның ішінде Қалдықтарды кәдеге жаратуды растайтын залалсыздандыру актісі және кәдеге жарату актісін, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу жөніндегі нотариалды куәландырылған салық декларацияларының көшірмелерін (егер шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуді көздесе) ұсынуға;

4.1.59. Қызметтер көрсету кезеңінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес (егер шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуді көздесе)қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерге қажетті ақы төлеуді жүргізуге;

4.1.60. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.61. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Шартты орындауға тартылған барлық бірлесіп орындаушылар бойынша ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады;

4.1.62. Ұзақ мерзімді шарт жасасу кезінде (он екі айдан астам мерзімге жасалатын) Орындаушы Шарт бойынша қызметтер көрсету басталған күннен бастап бір ай мерзімде «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша қызметтерді орындау кезінде тартылған Орындаушының/бірлесіп Орындаушының (орындаушылардың) басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін оқытуды өз есебінен ұйымдастыруға міндетті;

4.1.63. Егер Шарттың мәніне орындалуы кезінде тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіндегі жұмыстар кірсе, Орындаушы тиісті тізбеге енгізілген қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Көрсетілетін қызметтер шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін ҰКП-мен келісім бойынша Қордың сатып алу жөніндегі операторы бекітеді. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

беруші Тараптар көрсетілген қызметтердің тиісті (түпкілікті) актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау Тараптар көрсетілген қызметтердің тиісті (түпкілікті) актісіне, сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен/сатып алынатын тауарлар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмелеріне, тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін Орындаушымен ұсыну болып табылады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері Шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(тардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(лар) бағасынан төмен тауарды(ларды) қабылдау-беру актісінің(лерінің) көшірмесін ұсынады;

4.1.64. Орындаушының тиісті қызметкерлеріне Орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген жалақы Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгілеуге. Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау Орындаушының есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-күніне дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді тоқсан сайын беруі болып табылады; ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында міндеттенеді:

4.1.65. Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Тапсырыс берушінің еңбек қатынастары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы регламенттейтін құжаттарына сәйкес Қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге;

4.1.66. Қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің талаптарын сақтамау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтар нәтижесінде туындауы мүмкін оқиғалар мен салдарлар үшін Тапсырыс берушінің, мемлекеттік бақылаушы органдар, басқа да мүдделі тұлғалардың алдында толық жауапкершілік алуға;

4.1.67. Мемлекеттік бақылаушы органдар Орындаушының және оның қызметкерлерінің қызметі нәтижесінде болған оқиғалар салдарынан Тапсырыс берушіге залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу бойынша талаптар қойған жағдайда, залал сомалары мен айыппұлдарды төлеуге байланысты барлық шығыстарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

4.1.68. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтауға;

4.1.69. Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын (Саясаттар, Қағидалар, оның ішінде Алтын ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және т. б.), сондай-ақ қолданылатын заңнаманың, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы еңбек және экологиялық заңнаманың талаптарын сақтауға, қауіпсіз қызмет көрсету тұжырымдамасын қолдауға және нөлдік жарақаттанушылыққа ұмтылуға. Орындаушы осы бөлімде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында көзделген қажетті шарттарды, талаптар мен стандарттарды сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұза отырып, қызметтердің қалған көлемін орындауға тыйым салуға не тыйым салуға негіз болған себептер жойылған сәтке дейін қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға немесе қызметтер көлемін Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын қызметтерге ғана қысқартуға құқылы. Бұл ретте Орындаушы Шарттың мерзімдеріне сәйкес Қызметтерді уақтылы орындағаны үшін жауапты болады.

4.1.70. Тиісті сападағы мамандандырылған көлікпен және жабдықпен қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

4.1.71. ***қызметкерлеріне, агенттеріне немесе Орындаушының қызмет көрсетуші жұмыскерлеріне жұмысқа рұқсатты қоса алғанда, Өз есебінен Орындаушыға қажетті барлық рұқсат құжаттарын, оның ішінде шарт бойынша қызмет көрсетуге мемлекеттік және өзге де органдардан лицензияларды, сертификаттарды және өзге де рұқсаттарды алуға және толық күшінде және қолданыста ұстауға;

4.1.72. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, Қызметтер көрсетілетін объектінің өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

4.1.73. Орындаушы Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін жеткілікті персоналдың үнемі болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша мыналарды: • өз міндеттерін орындау кезінде қабілетсіздік немесе немқұрайлылық танытқанын немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысатынын; • еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға қатысты Шарттың талаптарын сақтамайтынын, Жұмыстарды орындауға қатысқан Мердігердің кез келген персоналын Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша ауыстыруға тиіс.

4.1.74. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша Тапсырыс берушінің барлық ішкі талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге, ал қажет болған жағдайда Орындаушының қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шараларды орындауға. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ҚТП ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісілуі және Орындаушының және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен бекітілуі тиіс;

7.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және белгіленген мерзімде орындамаған немесе Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлауға және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша талап жіберілген күннен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірлмейтін мерзімде алынған ақша қаражатын (шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) қайтарылуын жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған кезде Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын, мерзімі өткен әрбір күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.14. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 7.2.5-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Тапсырыс беруші Шарттың 8.3.2-тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

7.2.15. Тараптың талап етуі бойынша пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс;

7.2.16. Тапсырыс беруші Қызметтердегі кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жойған жағдайда, Орындаушы мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтейді;

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады, әлеуетті жеткізуші енгізген өтінімді қамтамасыз ету ұсталады, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін ақпарат жіберіледі.

7.5. Орындаушы №2 қосымшада көзделген SLA көрсеткіштерін сақтамаған жағдайда (3.2-тармақ. Техникалық ерекшелік) Шартқа Орындаушы Тапсырыс берушіге есепті ай үшін қызмет құнының 0,1% мөлшерінде белгіленген реакция уақытынан асқан немесе оқыс оқиғаны жойған әрбір сағат үшін мынадай формула бойынша айыппұл төлейді: Айыппұл = есептік кезеңдегі қызмет құны × 0,1 % × кешіктіру сағаттарының саны. Есептік кезең 30 күнтізбелік күн.

7.6. Қызметтердің қол жетімсіздігі үшін айыппұлдар Қызметтер қолжетімсіз болған жағдайда орындаушыға тиісті қызмет үшін ай сайынғы төлем сомасынан мынадай мөлшерде айыппұл есептеледі: қол жетімділік бір айда 99% және одан жоғары айыппұл қолданылмайды; қол жетімділік бір айда 98% - дан 99% - ға дейін (айыппұлды қоспағанда) 5%; ай сайынғы қол жетімділік 95% - дан 98% - ға дейін (қосылмаған) 10 айыппұл%; қол жетімділік бір айда 90% - дан 95% - ға дейін (айыппұлды қоспағанда) 15%; бір айға қол жетімділік 90% - дан төмен айыппұл 20%.

7.7. Орындаушы келіспеген жұмыстар фактісін анықтаған жағдайда (№2 қосымшаның 3.3.5 т.) немесе жоспарлы жұмыстар лимитінен асып кеткен жағдайда (№2 қосымшаның 3.3.3 т.) Орындаушы тиісті қызмет үшін төлеуге көзделген ай сайынғы соманың 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.8. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.8.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс;

7.8.2. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдауды кешіктірген жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын, мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқығы бар;

7.8.3. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-інен аспайтындай, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуы енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұлды төлеуге тиіс;

7.8.4. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын, мерзімі өткен әр күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1%-і мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқығы бар.

7.8.5. Тапсырыс беруші құжаттарды ұсынуды негізсіз кешіктірген (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуды талап еткен жағдайда), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге, сондай-ақ Қызметтерді көрсету мерзімін Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбестен осындай мерзімге сәйкес ұлғайтуға құқығы бар.

7.9. Тұрақсыздық айыбын төлеу Орындаушымен Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

төлем шотын алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүргізіледі. Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін шығарған шотының орындалған Қызметтерді төлеу бойынша және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша ыңғайласпа біркелкі талаптардың есебін жүргізу мақсатында өзара есептердің салыстырып тексеру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келісті.

7.10. Тапсырыс беруші егер Орындаушы Қызметтерді уақтылы орындамау немесе Орындаушының Қызметтердің барлығын немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдеген жағдайда, тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

7.11. Шарттың 7-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жайлар туындаған кезде Тапсырыс беруші шектеулерсіз бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға құқығы бар.

7.12. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жібереді.

7.13. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген айыппұлдың және осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын Шартты орындаудың енгізілген қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы.

7.14. Орындаушы Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан Тапсырыс берушіге өтелуге тиіс және есептелетін Тапсырыс берушімен нақты залал мен жоғалған пайда сомаларын ұстап қалуға келісті.

7.15. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Шартты бұзу Орындаушы банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ Қызметтерді, оның ішінде Орындаушыны Қызметтерді орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттарды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру құжаттарының (лицензияларының) қолданылуы тоқтатылған/болмаған жағдайларда дереу жүзеге асырылады. Осы тармақтың қолданысын Тапсырыс беруші Орындаушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары негізінде де қолдануы мүмкін.

8.7. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты Шартты бұзған кезде Орындаушының бұзу күнінде Шарттың орындалуына байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқығы бар.

8.8. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізсіз орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тарту Тапсырыс берушінің Орындаушыға нақты өздері келтірген шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9. Хат-хабар

9.1. Кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс басқа хабарламалар уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған және Орындаушының ресми электрондық адресіне электрондық түрде жіберілген хат-хабарларды қоспағанда, факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқаны кейіннен ұсына отырып пошталық хабарламасы, факспен қолма-қол немесе тапсырыс хатпен немесе электрондық пошта бойынша күні бұрын ұсынылуы және тапсырылуы тиіс. Егер Шартта Орындаушының электрондық адресі тікелей көрсетілмесе және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге бермесе, Орындаушының ресми электрондық адресі Веб-порталда көрсетілген электрондық адрес болып саналады. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттардың Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.2. Электрондық және/немесе тапсырыстық пошта, курьерлік пошта, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алғаны расталмаған жағдайда) тапсыру сәтінде оны алғаны туралы белгі қойылып жеткізілді деп есептеледі.

9.3. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөрі болған жағдайда жеткізілді деп саналады.

9.4. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банк деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт екі Тараптың уәкілетті тұлғалары оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, Қызметтерді көрсетуге тыйым салатын немесе қандай да бір басқа жолмен кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі), бұл жағдаяттар Тараптардың еркіне байланысты емес және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес етіп жасаған жағдайда, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

11.2. Еңсерілмес күш жағдаяттары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар пайда болған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде басқа Тарапқа осы мән-жайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Аталған мән-жайлар Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

11.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай еңсерілмес күш жағдаяттары, сондай-ақ осы жағдаяттардан туындаған салдарлар орын алған уақытқа тең мерзімге кейінге жылжытылады.

11.4. 11.2-тармақта айтылған тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты және Иссапарға жіберілген қызметкерді міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіздеме ретінде кез келген жоғарыда көрсетілген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау Тараптармен күнтізбелік 2 (екі) айдан артық қолдану мүмкін болмаса, онда Тараптардың Шартты бұзу және өзара есеп айырысуларды жүргізу құқығы болады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Тараптар арасында осы Шарттан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

12.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Атырау облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге тиіс.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Орындаушы мыналар туралы төмендегі ескертулердің кепілдігін сақтайды: - мемлекетпен байланысты тұлға (болып табылатыны/табылмайтыны) және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалары (бар екендігі/жоқ екендігі). Орындаушы қандай да бір Саяси маңызды адам лауазымды тұлға немесе Жеткізушінің қызметкері болған не Орындаушыдағы тікелей немесе жанама қатысу үлесін сатып алған барлық жағдайлар жөнінде жазбаша нысанда Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылғанын және тек қаржыландырудың заңды көздеріне ғана ие болатынын; - Орындаушы және оның Үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмағанын немесе кінәлі деп танылмағанын. Егер Орындаушы немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін соттала немесе кінәлі деп танылса, Орындаушы Тапсырыс берушіні жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді. - Орындаушы өзінің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Орындаушы өзінің ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саласындағы саясатын толық түсінетінін куәландырады.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Бұл бөлім сот органдарының сұрау салуы бойынша және Шарттың нысанасына жататын сот талқылауы барысында құпия ақпаратты ашу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жария ету жағдайларына қолданылмайды.

14.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

15. Өзге де талаптар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді: (а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл болмай шықса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс емес немесе анық болмауына байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной другой валюте жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Осымен Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру не иной другой валюте өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етуге және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі басқа валютада төлемді сәтті жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша араптар келіскен басқа елдің Ұлттық Банкі, жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

15.10. Шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, Шарттың санкциялық міндеттемелер бөлігіндегі қолданылуы Шартты бұзғаннан, бас тартқаннан, жарамсыз деп танығаннан, қолданылу мерзімі өткеннен немесе тұтастай бұзылғаннан кейін толық күшінде қалады.

15.11. Шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жасалды және Тараптардың уәкілетті тұлғалары заңдық күші бар қағаз жеткізгіштегі қол қойылған шартқа тең электрондық цифрлық қолтаңбалармен қол қою жолымен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ электрондық сатып алу веб-порталы https://zakup.sk.kz/ арқылы жасалды. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында әркелкі оқылу туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басым мәнге ие болады.

15.12. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Шарттың 16.1-тармағының талаптарына сәйкес Тараптардың уәкілетті өкілдері электрондық түрде қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.13. Орындаушы Тапсырыс берушіні қызмет көрсету нәтижесінде үшінші тұлғалардың келтірген залалын өтеуге талап қоюдан және кінәрат-талаптан қорғайды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуына байланысты және Шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын залалдармен немесе залалдармен байланысты барлық тәуекел үшін жауапты болады.

15.14. Тараптар арасындағы Шартта көзделмеген жаңа міндеттемелерге әкеп соғатын кез келген уағдаластық егер оны Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түріндегі Шарттың 15.11-тармағының талаптарына сәйкес тараптар растаса, жарамды болып саналады.

15.15. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі. Шарттың талаптарын орындау барысында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

15.16. Тараптардың бірде-біреуінің екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін беруге құқығы жоқ.

15.17. Шарттың және Қосымшаларының мәтіндерін түсіндіруде қандай да бір сәйкессіздіктер, келіспеушіліктер болған жағдайда, Шарттың мәтіні басым күшке ие.

15.18. Осы Шартқа қол қоя отырып, Орындаушы оның барлық талаптарын қабылдайды және олардың толық көлемде тиісті орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.19. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар:

15.19.1. №1 қосымша – Сатып алынатын қызметтердің тізбесі;

15.19.2. №2 қосымша - Техникалық сипаттама;

15.19.3. № 3 қосымша – Елішілік құндылық туралы үлес есебі нысаны;

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"KMG PetroChem" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	_____
Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Атырау қ., Атырау-Доссор тас	_____
жолы, 301/32 құрылыс	_____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

БСН 110740001729
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ676010111000161507
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (712) 276-4914

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС санаттың атауы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
5-1 У	Телекоммуникациялық қызмет көрсетулер, SIP телефон жүйесі, мемлекетаралық және қалааралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне, деректер беру арнасына қосылу мүмкіндігін, видеоконференция байланысын қамту	Байланыс желілері, беру желілері (кабельдік, радиорелелік, спутниктік және басқа), физикалық тізбектер және желілік-кабельдік байланыс құрылыстары, оның ішінде магистральдық (халықаралық және қалааралық)	Интернет, телефония, халықаралық және қалааралық байланыс желісіне қол жеткізу қызметтері	1.000	1.000	-		26 433 981.03	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Атырау қ., ул. Кайыргали Смагулова, д. 1.	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%
4-1 У	Телекоммуникациялық қызмет көрсетулер, SIP телефон жүйесі, мемлекетаралық және қалааралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне, деректер беру арнасына қосылу мүмкіндігін, видеоконференция байланысын қамту	Байланыс желілері, беру желілері (кабельдік, радиорелелік, спутниктік және басқа), физикалық тізбектер және желілік-кабельдік байланыс құрылыстары, оның ішінде магистральдық (халықаралық және қалааралық)	Интернет, телефония, халықаралық және қалааралық байланыс желісіне қол жеткізу қызметтері	1.000	1.000	-		5 265 244.33	ҚАЗАҚСТАН, Астана қ., "Нұра" ауданы, ул. Д. Кунаева, 8	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №2
қосымшасы**

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "KMG PetroChem", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. В случае если закупаемые Услуги подпадают под регулирование пункта 10-1 Порядка, Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/соисполнителем обязательств, предусмотренных пунктом 10-1 статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет _____ (_____) _____ и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.1.1. В случаях, когда фактические расходы Исполнителя оказались меньше тех, которые учитывались при определении цены (составлении сметы), и полученная Исполнителем экономия не повлияла отрицательно на качество оказанных Услуг, Заказчик вправе оплатить только за фактически оказанные Услуги, а Исполнитель не вправе требовать от Заказчика оплаты оставшейся части общей суммы настоящего Договора.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

2.4. Оплата за оказанные Услуги, в том числе окончательный расчет по Договору, производится в срок не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания сторонами Акта (-ов) оказанных Услуг (далее - Акт оказанных Услуг) и предоставления следующего (их) документа (ов):

